

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 62-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) алып келген, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасағаны үшін заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады.»;

2) 214-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

«3-1. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша заңды тұлғалардың «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-3-бабының 4-тармағында көзделген ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды бермеуі, уақтылы бермеуі –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.»;

3) мынадай мазмұндағы 214-1-баппен толықтырылсын:

Г.В.А.

А.А.

А

«214-1-бап. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) алып келген, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операция жасау

Заңды тұлғаның жеке тұлғасы үшін көрінеу қылмыстық жолмен алынған, ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті иеленуге, пайдалануға немесе оған билік етуге заңды түр беруге алып келген, көрсетілген ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияны осы заңды тұлғаның жасауы –

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – жеті жүз елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпелер.

1. Осы бапта жеке тұлға деп осы баптың бірінші абзацында аталған заңды тұлғада тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын адамды немесе осындай заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарына немесе заңды тұлғаның жарғысына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасау құқығына ие қызметкерін немесе осындай заңды тұлғаның «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 3) тармақшасында айқындалған бенефициарлық меншік иесін түсінген жөн.

2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) алып келген, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен жасалған операция туралы ерікті түрде мәлімдеген заңды тұлға, егер оның әрекеттерінде өзге құқық бұзушылық құрамы болмаса, әкімшілік жауаптылықтан босатылады.»;

4) 684-баптың бірінші бөлігіндегі «214,» деген цифрлар «214 (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктерінде), 214-1,» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 722-2-баппен толықтырылсын:

«722-2-бап. Қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті орган

1. Қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті орган осы Кодекстің 214 (3-1-бөлігінде)-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті органның бірінші басшысы, оның орынбасарлары және уәкілетті қызметкерлері құқылы.»;

6) 804-баптың бірінші бөлігінде:

23) тармақша «134,» деген цифрлардан кейін «214 (бұл бұзушылықтарды цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және

Г.В.А.

А.С.

А.С.

өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар жасаған кезде),» деген сөздермен толықтырылсын;

27-1) тармақшада:

түзету орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

«214» деген цифрлардан кейін «(бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші бөліктері)» деген сөздермен толықтырылсын;

«бухгалтерлер жасаған кезде),» деген сөздерден кейін «214-1, 462,» деген цифрлармен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**



*Дүртіс: Құжаттамамен қолтамамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майғ Н. Шайбергалиев.*

**ЗАКОН  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма**

Статья 1. Внести в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года следующие изменения и дополнения:

1) часть третью статьи 62 дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«За совершение операции с деньгами и (или) иным имуществом, повлекшей легализацию (отмывание) доходов, полученных преступным путем, юридическое лицо подлежит привлечению к административной ответственности не позднее трех лет со дня совершения административного правонарушения.»;

2) статью 214 дополнить частью 3-1 следующего содержания:

«3-1. Непредоставление, несвоевременное предоставление юридическими лицами информации, сведений и документов, предусмотренных пунктом 4 статьи 12-3 Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма», по запросу уполномоченного органа по финансовому мониторингу –

влекут штраф на субъектов малого предпринимательства, некоммерческие организации в размере восьмидесяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере двухсот, на субъектов крупного предпринимательства – в размере трехсот месячных расчетных показателей.»;

3) дополнить статьей 214-1 следующего содержания:

«Статья 214-1. Совершение операции с деньгами и (или) иным имуществом, повлекшей легализацию (отмывание) доходов, полученных преступным путем



Совершение юридическим лицом операции с деньгами и (или) иным имуществом, полученными заведомо для физического лица этого юридического лица преступным путем, повлекшее придание правомерного вида владению, пользованию или распоряжению указанными деньгами и (или) иным имуществом, –

влечет штраф на субъектов малого предпринимательства, некоммерческие организации в размере семисот пятидесяти, на субъектов среднего предпринимательства – в размере одной тысячи, на субъектов крупного предпринимательства – в размере двух тысяч месячных расчетных показателей.

Примечания.

1. Под физическим лицом в настоящей статье следует понимать лицо, постоянно, временно либо по специальному полномочию осуществляющее организационно-распорядительные или административно-хозяйственные функции в юридическом лице, указанном в абзаце первом настоящей статьи, или работника такого юридического лица, обладающего правом на совершение операции с деньгами и (или) иным имуществом в соответствии с законами Республики Казахстан или уставом юридического лица, или бенефициарного собственника такого юридического лица, определенного подпунктом 3) статьи 1 Закона Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма».

2. Юридическое лицо, добровольно заявившее о совершенной операции с деньгами и (или) иным имуществом, повлекшей легализацию (отмывание) доходов, полученных преступным путем, освобождается от административной ответственности, если в его действиях не содержится состав иного правонарушения.»;

4) в части первой статьи 684 цифры «214,» заменить словами «214 (частями первой, второй, третьей, четвертой, пятой, шестой, седьмой, восьмой, девятой, десятой, одиннадцатой, двенадцатой и тринадцатой), 214-1,»;

5) дополнить статьей 722-2 следующего содержания:

«Статья 722-2. Уполномоченный орган, осуществляющий  
финансовый мониторинг

1. Уполномоченный орган, осуществляющий финансовый мониторинг, рассматривает дела об административных правонарушениях, предусмотренных статьей 214 (частью 3-1) настоящего Кодекса.

2. Рассматривать дела об административных правонарушениях и налагать административные взыскания вправе первый руководитель уполномоченного органа, осуществляющего финансовый мониторинг, его заместители и уполномоченные работники.»;



б) в части первой статьи 804:

подпункт 23) после цифр «134,» дополнить словами «214 (когда эти нарушения совершены лицами, осуществляющими деятельность по выпуску цифровых активов, организации торгов ими, а также предоставлению услуг по обмену цифровых активов на деньги, ценности и иное имущество),»;

в подпункте 27-1):

слова «уполномоченный орган, осуществляющий» заменить словами «уполномоченного органа, осуществляющего»;

после цифр «214» дополнить словами «(части первая, вторая, третья, четвертая, пятая, шестая, седьмая, восьмая, девятая, десятая, одиннадцатая, двенадцатая и тринадцатая)»;

после слов «осуществляющими предпринимательскую деятельность в сфере бухгалтерского учета),» дополнить цифрами «214-1, 462,».

Статья 2. Настоящий Закон вводится в действие по истечении шестидесяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Президент  
Республики Казахстан**



*Верно: Заведующий сектором отдела  
документационного обеспечения  
Маш Н. Шайдырған.*